В НОМЕРЕ:

3 День Знаний в школе

5 Дәннен түйілген өнер – ұлттық өнердің жаңа қыры

15 Дню пожилых людей посвящается

ГАЗЕТА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Твой Мир

сенің әлемің

№№17-18
(470-471)
от 30 сентября
2026 года



Твой Мир
сенің әлемің
№№17-18
(470-471)
от 30 сентября
2026 года

С МИРУ ПО СТРОЧКЕ

Мой отпуск в Египте

Летом я ездила с родителями в отпуск в Египет. Мы отдыхали на берегу Красного моря. Там было очень тепло, солнечно и красиво. Мне понравились золотой песок и тёплое море. Каждый день мы ходили на пляж и много плавали.

Однажды я надела маску и трубку и поплыла смотреть подводный мир. Вода была такой прозрачной, что я хорошо видела рыб и кораллы. Под водой я увидела много красивых рыб - красных, жёлтых, синих и полосатых. Некоторые рыбки были совсем маленькими, а некоторые — большими. Одна рыбка проплыла совсем рядом со мной, и я очень удивилась. Мне казалось, что я попала в сказочный подводный город.

Поездка в Египет подарила мне много радостных и ярких впечатлений. Мне очень понравились море, солнце и интересные экскурсии, и я очень хочу снова побывать в Египте!

Кожанова Ева, 3 «Г» класс СОШ №39

Праздник - День Знаний

Вот и незаметно подошёл сентябрь. Мы, одиннадцатиклассники, и это трогательно и волнительно. И первое сентября - особенный день в нашей школьной жизни. Последний Первый звонок в нашей школьной жизни. Мы долго готовились к празднику.

И вот День Знаний. Школа красиво оформлена. Дети и взрослые красиво одеты, много цветов. Первого сентября в нашей Павловской средней школе прошла праздничная линейка. Она проходила прямо в стенах школы. Все ученики и учителя собрались вместе. Через арку идут ученики одиннадцатого класса, за руку идут с первоклассниками, следом девятый класс, классные руководители.



Директор Гульнара Магауовна Сатыбаева поздравила всех присутствующих с началом нового учебного года. Все гости тепло поздравляли учеников и их родителей, гостей праздника. Ученики поздравляли учителей и дарили им по розовой розе. Было очень красиво и приятно. Очень много красивых пожеланий было сказано.

После линейки ученикам вручили подарки. Потом мы пошли в свои классы, где прошёл наш первый классный час в новом учебном году. Мы поговорили о школе и о том, как провели лето.

Мне понравилось Первое сентября, праздник Первого школьного звонка. Было приятно снова увидеть друзей и учителей после каникул. День прошёл весело и запомнился мне.

Впереди целый год открытий и мероприятий, соревнований! Последний год нашей удивительной школьной жизни!

С праздником, школьники и наши родители, учителя! С праздником! Здоровья, терпения, успехов, много радости!

Арина Пирогова,11 класс Павловская СОШ Успенский район

Спокойствие - первый шаг к безопасности

Сегодня в Мичуринской школе в 4 «Б» классе прошёл классный час на очень важную и актуальную тему — «Скрипты звонков при возникновении чрезвычайных ситуаций».



В повседневной жизни мы редко задумываемся о том, что чрезвычайная ситуация может произойти неожиданно. Именно поэтому детям важно не только знать правила безопасности, но и понимать, как правильно действовать в критический момент.

Во время классного часа четвероклассники вспомнили номера экстренных служб, разобрали, в каких случаях необходимо обращаться за помощью, а также узнали, какую информацию важно сообщить диспетчеру во время звонка.

Особое внимание было уделено самому алгоритму разговора: как представиться, что произошло, где произошёл случай, есть ли пострадавшие и как правильно отвечать на вопросы специалиста. Ребята узнали, почему во время звонка необходимо сохранять спокойствие, говорить чётко и не отключаться до тех пор, пока диспетчер не завершит разговор.

Чтобы закрепить полученные знания, школьники приняли участие в практических ситуациях, пробуя себя в роли человека, который обращается за помощью, и диспетчера экстренной службы. Такой формат позволил детям не просто услышать правила, а попробовать применить их на практике.

Знания, полученные сегодня, — это важная часть культуры безопасности, которая может однажды помочь сохранить здоровье и жизнь человека.

Манькова Наталья Валерьевна, учитель начальных классов

День знаний - праздник единства, уважения и ценностей

1 сентября в Мичуринской школе состоялся традиционный праздник День знаний, открывший новый учебный год.

Торжественная линейка прошла с участием первоклассников, педагогов, учащихся и гостей школы. После торжественной части ребята разошлись по классам, где состоялись классные часы, посвящённые теме «Таза Қазақстан», Конституции Республики Казахстан, правам и обязанностям гражданам, а также общечеловеческим ценностям.



Для каждого класса была определена своя ценность. Нашему 2 классу выпала ценность уважения. Классный час начался с исполнения Государственного гимна Республики Казахстан. Затем ребята познакомились с книгой, в которой отражены основные законы нашей страны, поговорили о правах и обязанностях, ценностях и значении уважительного отношения друг к другу. Дети отвечали на вопросы, рассуждали и с интересом слушали притчи, в которых раскрывались понятия доброты, взаимопомощи и уважения.

Особенно тёплой и значимой стала встреча с приглашёнными гостями — бабушками наших учеников: Сарсенова Анна - бабушка Сарсембаевой Жанны и Чистякова Людмила Владимировна. Также на классный час была приглашена Герберсдорф Зузанна Гергардовна — местный блогер с. Мичурино, член Совета ветеранов и активная участница общественной жизни. Гости поделились с ребятами добрыми пожеланиями, жизненными советами и напутствиями. В знак благодарности им были вручены небольшие подарки — пусть они напоминают о нашем классном часе и этой доброй встрече.

Особое место в мероприятии заняла творческая работа. Дети своими руками изготовили браслеты, а затем обменялись ими друг с другом. Этот простой, но символичный жест стал олицетворением доброты, уважения, дружбы и единства.

Классный час прошёл в тёплой и душевной атмосфере. Ребята не только узнали много нового о Конституции, правах, обязанностях и ценностях, но и почувствовали важность уважительного отношения к людям старшего поколения, своим одноклассникам и окружающим.

Завершилась встреча общей фотографией на память. Пусть этот первый учебный день станет добрым началом нового учебного года, наполненного знаниями, дружбой, уважением и яркими событиями!

Алибаева Айслу Адолькомаровна, классный руководитель

Учителя. Вам в ноги сыпать розы...

Скоро октябрь. И что это значит?! А это значит, нас всех ждёт День Учителя.

Учитель. Это особенный человек в нашей жизни. С нами он долгие девять - одиннадцать лет. Уроки, обычные и открытые, различные соревнования, всевозможные конкурсы, марафоны, субботники и, конечно же, волонтерская работа. А ещё и праздники.

Каждый человек, бесспорно, с радостью вспоминает школьные годы. Мы, пять учеников девятого класса, последний год учимся в родной Тимирязевской школе. Дальше наша школьная жизнь немного изменится. Кто - то решит учиться дальше в школе, кто - то - учиться в колледже. А сейчас впереди нас ждёт подготовка к празднику.

Ко Дню учителя мы подготовим поздравления, песни и танцы, букеты цветов. Организатор и оформитель программы ко Дню учителя старшая вожатая школы - Светлана Юрьевна Вирц. Именно с ней мы вместе подготовим и проведем праздник. Праздник для всех работников школы. Но



самые добрые и светлые пожелания скажем нашим учителям и наставникам.

Дорогие наши учителя! Сердечно поздравляем Вас с Днём учителя! Желаем Вам крепчайшего здоровья, долгих счастливых лет жизни, прекрасного настроения, благодарных учеников! Пусть в Вашей жизни будет много радости и позитива! С праздником!

Алдияр Тулебаев, 9 класс Тимирязевская ООШ Успенский район

Твой Мир
сенің әлемің

№№17-18
(470-471)

от 30 сентября
2026 года

День Знаний в школе



Вот и прошло лето. И снова в школу. Первое сентября. Мы пришли на праздник, красивые, с цветами. Всё - таки соскучились по школе, друзьям, нашей Наталии Петровне.

Школа встретила нас красочным оформлением. После линейки мы пошли в класс. Наш класс - РВГ. Поэтому нас посвятили в следующий класс.

Мы вспомнили, что каждый из нас должен беречь природу и окружающую среду. Программа «Таза Казахстан» - это программа для всех и каждого. Наш Клоун провел игру под названием «Живая гусеница». Это так «Таза Казахстан» катается по всем городам Казахстана и напоминает о защите природы страны.





Есть программа «Адал Азамат» - это программа нашего развития.

Помнить правила дорожного движения - это нужно каждый день и каждый час, от этого зависит жизнь и здоровье человека. В ходе игры мы повторили ПДД.

На празднике было много игр. Так, игра для первоклассников «Нарисуй Добрый мир».

А потом была познавательная игра «Собери в школу портфель».

Чтобы достичь успеха, надо воплотить в жизнь программу «Адал Азамат».

Во время игры «Ты - мой друг» использовалась яркая, огромная растяжка.

Мы все увлеченно были заняты строительством Шанырака.

Наш красочный танцевальный флешмоб - это сила, энергия, красота и гармония, главное, отличное настроение. Полет огромных шаров - символ многонационального государства. Нам праздник очень понравился.

Я желаю своему классу РВГ много открытий, приятных радостных событий, ярких красок жизни. А Наталии Петровне (на празднике была Клоуном) и другим учителям желаю доброго здоровья, творчества, благополучия.

Пусть задуманное исполнится.

Роман Ганикель 3 РВГ школа имени Торайгырова город Павлодар



TEMA

Твой Мир
сенің әлемің

№№17-18
(470-471)

от 30 сентября
2026 года

Мәңгі жаса, Қазақстан!

Біз бүгін еліміздің тәуелсіздігі мен тұтастығының символы – Қазақстан Республикасы күнімен бірге боламыз. Бұл



күн – ұлт бірлігінің, ерлік пен еркіндіктің, өркендеу жолындағы айқын белгі. Тарихымыз бен мәдениетіміздің алтын қазынасы, бейбітшілік пен келісімді бағалап, болашаққа нық қадаммен сеніммен басатын күн.

Табиғаты шұрайлы, ресурстары мол, халқы жомарт, жері кең байтақ – Қазақстан – біздің Отанымыз, ортақ үйіміз. Біздің міндетіміз – еліміз үшін еңбек ету, білім алу, бір-бірімізге қол ұшын беру.

Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Біздің еліміз одан әрі гүлдене берсін, әр қазақтың жүрегінде мақтаныш сезімі мәңгілік шамшырақ болып жансын!

Жарқырай бер, елім, сәулетім!
Мықты болсын, тамыры терең,
Қазақстан – мәңгілік елім!
Баршаңызға бақыт, ынтымақ.

Ерменгазиев Алдияр
5 «г» сынып
№48 ЖОББМ ОҚУШЫСЫ

«Жеңгелер клубы» — ұлттық тәрбие мен даналық мектебі

Б. Уахатов атындағы орта мектепте ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және жас ұрпақты рухани-отбасылық құндылықтар негізінде тәрбиелеуді мақсат еткен «Жеңгелер клубы» жұмыс істейді.

Қазақ халқының танымында жеңгенің орны ерекше. Жеңге – бойжеткен қыздың сырласы, ақылшысы, жанашыры әрі үлгі тұтар адамы. Ол қыз баланы өмірлік тәжірибеге баулып, әдептілікке, қарапайымдылыққа, үлкенді құрметтеуге және қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелейді.

Клуб аясында қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, отбасылық құндылықтарды, қыз бала тәрбиесі мен әдеп мәдениетін насихаттауға арналған тәрбиелік кездесулер мен танымдық іс-



шаралар ұйымдастырылады.

Осындай игі бастамалар жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, рухани мұраны сақтауға және халықтық тәрбиені келер ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді.

Аққулы ауданы

Өнермен өрілген өнегелі демалыс

Кейде бір отбасының тыныстіршілігі тұтас бір ұлттың болмысын танытып тұрады. Балғабай әулеті – сондай шаңырақтардың бірі. Бұл үйде жазғы демалыс уақытты бос өткізумен емес, ұлттық өнерді жаңғыртумен өлшенеді.

Мичурин жалпы орта білім беру мектебінің 7-сынып оқушысы, 12 жастағы Әбілдина Әмина үшін жаз – жаңа дүниені үйренудің, анасының жанында тәжірибе жинаудың, еңбекпен шыңдалудың мезгілі. Анасы Айтмағанбетова Майра Мейрамқызы ұлттық сәндік-қолданбалы өнермен айналысады. Қыз бала анасына қолғабыс ете жүріп, тек қолөнердің тәсілдерін меңгеріп қана қоймай, әрбір оюдың астарындағы ғасырлар қойнауынан жеткен тарихты таниды.

Қазақ халқы ою-өрнекті ешқашан жай ғана әшекей



ретінде қолданбаған. Әр өрнек – халықтың дүниетанымы, арманы мен өмірге деген көзқарасының көрінісі. Зерттеушілер қазақ ою-өрнектерінің екі жүзден астам түрін анықтаған. Солардың ішінде кең таралған «қошқар мүйіз» өрнегі береке мен молшылықтың белгісі саналса, «құсқанат» еркіндік пен биік мұратты, «түйе табан» төзімділік пен көшпелі өмір салтын бейнелейді. Демек, қазақтың әрбір оюы – үнсіз сөйлейтін тарих.

Әмина осы тарихпен күн сайын тілдеседі. Әр қиылған мата, әр тартылған жіп, әр дайын болған бұйым оған еңбеккорлықтың, шыдамдылықтың, ұқыптылықтың және ұлттық құндылықты қастерлеудің мәнін ұғындырады. Мұндай тәрбие кітаптан ғана емес, отбасының өнегесінен басталады.

Бүгінгі цифрлық дәуірде балалардың бос уақытын телефон мен әлеуметтік желі иемденіп бара жатқанда, Балғабай отбасының өнегесі ерекше құрметке лайық. Себебі ұлттық өнерді бала жүрегіне сіңіру – өткенді қайталау емес, болашақты тәрбиелеу.

Халқымыз «Өнер – таусылмас қазына» дейді. Сол қазынаны аялап, оны келесі ұрпаққа жеткізу – әр отбасының қолынан келе бермейтін іс. Балғабай әулеті осы аманатқа адалдық танытып келеді. Анадан қызға жалғасқан өнер сабақтастығы – ұлттың рухани тамырының үзілмегенінің айқын көрінісі.

Бәлкім, жылдар өте Әмина да өз қолымен ұлттық нақыштағы бұйымдар жасап, кейінгі буынға оюдың сырын үйретер. Өйткені ұлттың болашағы үлкен істерден ғана емес, осындай шағын шеберханаларда, ананың мейірімі мен қыздың ықыласы тоғысқан сәттерден басталады.

Шәй үстіндегі тәрбие - ұрпақ тәрбиесіндегі ұлағатты әңгіме

Бүгін Аққулы ауданында отбасы құндылықтарын дәріптеуге, ата-ана мен педагог арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және ұрпақ тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті арттыруға бағытталған тағылымы мол «Шәй үстіндегі тәрбие» форма-



тында мазмұнды шара өтті.

Ізгілік пен өнегені, ұлттық құндылықтар мен отбасылық тәрбиені арқау еткен кездесуге 50-ге жуық ата-ана, ата-аналар клубтарының мүшелері мен педагогтер қатысты. Шараның басты мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту, ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін арттыру және тәжірибе алмасуға қолайлы орта қалыптастыру.

Қазақ халқы үшін дастарқан басындағы әңгіме – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тәрбиенің ерекше мектебі. Шәй үстінде айтылған өнегелі сөз, үлкеннің ақылы, өмірлік тәжірибесі мен жүрекжарды әңгімесі жас ұрпақтың бойына ізгі қасиеттерді сіңіруге ықпал етеді. Осы ұлттық дәстүрді заманауи тәрбие тәсілдерімен ұштастырған кездесу қатысушыларға ой бөлісуге, өзара пікір алмасуға және бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді.

Шара барысында ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас, отбасындағы сыйластық пен түсіністік, ұлттық тәрбие, балаға қолдау көрсету және мектеппен бірлесе жұмыс істеудің маңыздылығы сынды өзекті тақырыптарға басымдық берілді. Қатысушылар бала тәрбиесінде мейірімнің, жылы сөздің, шынайы қарым-қатынастың және жеке үлгінің орны ерекше екенін атап өтті.

Кездесудің маңызды бөлігі – ата-аналар клубтарының тәжірибесін таныстыруға арналды. Шара соңында әрбір ата-аналар клубы, сондай-ақ «Аққу» және «Мирас» клубтары арнайы ұйымдастырылған көрме арқылы



өз жұмыстарының нәтижелерін таныстырды. Көрмеде клубтардың атқарған жұмыстары, жүзеге асырған бастамалары мен тәрбиелік бағыттағы іс-шаралары көрініс тапты. Бұл өзара тәжірибе алмасуға, тиімді жұмыс үлгілерін насихаттауға және алдағы міндеттерді айқындауға жол ашты.

Мұндай кездесулер аналардың мектеп өміріне белсенді араласуына, педагогтермен өзара сенімді байланыс орнатуына және бала тәрбиесіндегі ортақ ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді. Өйткені саналы ұрпақ тәрбиелеу – тек мектептің немесе отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

«Шәй үстіндегі тәрбие» – жай ғана кездесу емес, бұл жүректерді жақындастыратын, ой бөлісуге жетелейтін, отбасы мен мектеп арасындағы байланысты бекемдейтін тәрбиелік алаң.

Балаға берілетін ең үлкен тәрбие – ата-ананың өнегесі, отбасының жылуы мен қоғамның қолдауы. Осындай игі бастамалар жалғасын тауып, ұрпақ тәрбиесіндегі бірлік пен ынтымақтастықты нығайта берсін!

ҚАЛАМГЕР ҚАДАМЫ

Твой Мир
сенің әлемің

№№17-18
(470-471)
от 30 сентября
2026 года

Дәннен түйілген өнер – ұлттық өнердің жаңа қыры

Аққулы ауданының Жамбыл мектебінде технология пәні мұғалімдері арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған «Дәннен түйілген өнер» аудандық байқауы ұйымдастырылды.



Ерекше шығармашылық сайыстың басты мақсаты – ұлттық өнерді насихаттау, табиғи материалдарды тиімді пайдалану, педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдау және дәстүрлі қолөнерді заманауи үлгіде жаңғырту.



Байқауға қатысқан технология пәні мұғалімдері дәнді дақылдар мен табиғи материалдарды пайдалана отырып, қазақтың ұлттық киімдерін жасады. Қатысушылардың қолынан шыққан ерекше туындылар ұлттық киімдердің әсемдігін, қазақ халқының бай мәдени мұрасын және қолөнердің сан қырлы мүмкіндіктерін паш етті.

Әрбір жұмыс – үлкен ізденіс пен төзімділіктің, шығармашылық қиял мен шеберліктің нәтижесі. Дәндердің түсі мен пішінін үйлестіре отырып, қатысушылар ұлттық киімдердің өзіндік ерекшеліктерін айшықтап, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра білді. Табиғи материалдардан жасалған сәндік бұйымдар қазақ халқының ұлттық нақышын жаңа қырынан танытып, көрермендердің қызығушылығын тудырды.

Байқау барысында мұғалімдер өзара тәжірибе алмасып, тың идеяларымен бөлісті. Мұндай шығармашылық алаңдар педагогтердің кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, оқушыларға ұлттық мұраны құрметтеуді, еңбекқорлықты, ұқыптылықты және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды үйретудің маңызын көрсетеді.

«Дәннен түйілген өнер» байқауы – қарапайым дәнге жан бітіріп, ұлттық мұраны өнер тілімен сөйлеткен ерекше шығармашылық алаң. Осындай



ігі бастамалар арқылы ұлттық өнер жаңғырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын рухани құндылықтарымыздың маңызы арта түседі.

Ұлттық өнерді ұлықтап, шығармашылықтың жаңа үлгісін көрсеткен барша қатысушыларға алғыс білдіреміз! Өнерлеріңіз өрге жүзіп, шығармашылық шабыттарыңыз сарқылмасын!

Аққулы ауданы

Бастауыштан басталған үлкен жетістік

Ұстаз еңбегінің нәтижесі шәкіртінің білімге қызығушылығынан, өзіне деген сенімінен көрінеді. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімінің



бала өміріндегі орны ерекше. Ол оқушыға алғашқы әріпті танытып қана қоймай, мектепке деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Осындай жауапты істі атқарып жүрген бастауыш сынып мұғалімі Мадине Азира «Жыл мұғалімі – 2026» байқауында I орын иеленді. Мұғалімдер күнінде Павлодар ауданы білім беру бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Бұл жетістік – ұстаздың күнделікті ізденісі мен еңбегінің қуанышты жемісі. Бастауыш сыныпта әр оқушының мінезі, қабылдауы мен қызығушылығы әртүрлі болады. Мұғалім олардың әрқайсысына жол тауып, жаңа білімді түсінікті жеткізіп, кішкентай табысын да байқап, қолдай білуі керек. Мұндай жұмыста кәсіби шеберлікпен бірге төзім мен балаға деген шынайы ықылас қажет.

«Жыл мұғалімі – 2026» байқауындағы I орын Мадине Азираның кәсіби еңбегіне берілген жоғары баға. Мұндай жетістік ұстаздың өзін де жаңа ізденістерге жігерлендіріп, әріптестеріне қуаныш сыйлайды. Ал шәкірттері үшін өз мұғалімінің жеңісі – мақтанарлық оқиға.Мадине Азираның байқаудағы жеңісі ұстаздық жолдағы осындай күнделікті жұмыстың қадірін тағы бір мәрте көрсетті.

Мадине Азираны «Жыл мұғалімі – 2026» байқауындағы I орнымен шын жүректен құттықтаймыз! Шығармашылық ізденісі жалғасып, шәкірттерінің жетістігі қуанта берсін. Алдағы еңбегіне табыс, жаңа белестер мен шабыт тілейміз!

Кеңес негізгі жалпы білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Ибраева Асель Жумабаевна

«Өзіңді таны - өзгені түсін»

Қазын орта мектебінің базасында Аққулы ауданы мектеп оқушыларының «Жас психолог» аудандық клубының «Өзіңді таны — өзгені түсін» тақырыбында кезекті отырысы өтті.

Іс-шараға аудан мектептерінің оқушылары мен педагог-психологтары қатысып, психологиялық мәдениетті дамыту, эмоционалдық интеллектіні қалыптастыру және тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру мәселелеріне назар аударды.

Кездесудің негізгі мақсаты – оқушылардың өзін-өзі тануына, өз сезімдері мен эмоцияларын түсінуіне, айналасындағы адамдардың көңіл күйі мен жан дүниесін ұғына білуіне жағдай жасау, өзара сыйластық пен сенімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.

Отырыс барысында қатысушылар өзін-өзі тануға, эмоцияларды ажыратуға, өз ойын еркін жеткізуге және өзгенің пікірін құрметтеуге бағытталған психологиялық жаттығулар мен интерактивті тапсырмаларды орындады. Сонымен қатар құрдастарымен тіл табысу, қиын жағдайларда қолдау көрсету, жанашырлық таныту және өзара түсіністік қалыптастыру мәселелері қамтылды.

Еркін әрі достық атмосферада өткен кездесуде оқушылар өз ойларымен бөлісіп, бір-бірін тыңдау мен түсінудің маңыздылығын сезінді. Олар өзгені түсіну үшін алдымен адамның өз сезімдері мен эмоцияларын танып-білуі қажет екенін ұғынды.

«Жас психолог» клубының жұмысы жасөспірімдердің эмоционалдық сауаттылығын арттыруға, тұлғалық дамуына және өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Осындай кездесулер оқушылардың өзіне деген сенімін нығайтып, айналасына түсіністікпен қарауына және саналы шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Өзін түсінген адам өзгені де түсіне алады. Ал өзара түсіністік пен сыйластық – үйлесімді қарым-қатынастың негізі.

Аққулы ауданы,
Асем Оспанова,
Білім бөлімінің әдіскері

ҚАЛАМГЕР ҚАДАМЫ

Әке мен бала: 60 минут бірге

Отбасы – бала тәрбиесінің алтын бесігі. Ал әке – отбасының тірегі, баланың алғашқы үлгі тұтар тұлғаларының бірі. Баланың әкесімен өткізген әрбір сәті оның жүрегінде жылы естелік болып сақталады.

Әкемен бірге өткізілген уақыт – жай ғана уақыт емес. Ол – әңгіме, күлкі, қолдау, үйрету, бірге еңбек ету және бір-бірін жақынырақ тану мүмкіндігі.

Әке баласына өмірлік жол көрсетеді, еңбектенуге, жауапкершілікке, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйретеді. Ал бала үшін әкесімен бірге өткізген әрбір сәт – үлкен қуаныш әрі бағалы тәжірибе.

Қазақстандық отбасы күніне орай Мичурин ЖОББ мектебімізде «Әке мен бала: 60 минут бірге» атты ерекше отбасылық бастама ұйымдастырылды.

Бұл бастаманың басты мақсаты – әке мен бала арасындағы байланысты нығайту, бірге уақыт өткізудің маңызын көрсету және отбасылық құндылықтарды дәріптеу.

Балаларға әкелерімен бірге кем дегенде 60 минут уақытты пайдалы әрі қызықты өткізу ұсынылды. Әр отбасы өзіне ұнайтын іспен айналысты.

Бірі әкесімен бірге кітап оқыса, енді бірі спортпен шұғылданды. Кейбір балалар әкелерімен бірге ас дайындап, үй шаруасына көмектесіп, конструктор құрастырып, сурет салып немесе табиғат аясында серуендеді.

Балалар өздерінің әкелерімен өткізген қызықты сәттерін фото және бейнематериалдар арқылы ұсынды. Әрбір суреттен баланың қуанышын, әкенің қамқорлығын және отбасы мүшелерінің арасындағы жылы қарым-қатынасты көруге болады.

Бұл бастама бізге бір қарапайым, бірақ өте маңызды ойды тағы бір мәрте көрсетті: балаға қымбат сыйлықтан гөрі, әкесінің көңіл бөліп, бірге өткізген уақыты әлдеқайда маңызды.

«Әке мен бала: 60 минут бірге» бастамасына қатысқан барлық отбасыларға алғысымызды білдіреміз! Балалардың белсенділігі мен шығармашылығы, әкелердің бала тәрбиесіне деген ықыласы – отбасылық құндылықтардың берік екенін көрсетеді.

Әке мен бала арасындағы жылы қарым-қатынас – сол бақыттың маңызды бөлігі. Бір сағат бірге өткізілген уақыт – бала жүрегінде өмір бойы сақталатын әдемі естелік!

Отбасымыз аман, шаңырағымыз биік, балаларымыз бақытты болсын!

Бастауыш сынып мұғалім
Сандугаш Нурпеисова

Твой Мир
сенің әлемің

№№17-18
(470-471)

от 30 сентября
2026 года

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

«Жаңғақ пен ағаштан жаңғырған қазақ ауылы»

Аққулы ауданында Республика күніне орай мектеп оқушылары арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған «Қазақ ауылының макеті» атты көрме-байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың басты ерекшелігі – қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ауыл макеттерінің жаңғақ пен ағаш материалдарынан жасалуы. Табиғи материалдарды тиімді пайдалана отырып, оқушылар өздерінің қиялдары мен





шеберліктерін, ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын көрсетті.

Көрме барысында қатысушылар қазақ ауылының көрінісін, киіз үйлерді, ауылдың тұрмыс-тіршілігін және ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін өз жұмыстарында бейнелеуге тырысты. Әрбір макеттен оқушылардың ізденісі, еңбекқорлығы мен шығармашылық ойлау қабілеті айқын байқалды.

Мұндай байқаулар жас ұрпақтың бойында ұлттық мұраға деген құрметті қалыптастырып, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениетін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар табиғи материалдардан бұйым жасау арқылы оқушылардың қолөнерге деген қызығушылығы артып, экологиялық мәдениеті қалыптасады.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтаған бұл көрме – жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін танытып қана қоймай, туған елдің мәдени мұрасын қастерлеуге үндейтін тағылымды бастама.

Өнерлі ұрпақ – ұлттың рухани байлығы, ал ұлттық мұраға деген құрмет – ел болашағының берік негізі.

Әдеби кафе: кітаппен сұхбат

Кітапханашылар күніне арналған мерекелік кеш

Кітап – рухани қазына, білімнің қайнар көзі, ал кітапханашы – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Осы құндылықтарды дәріптеу мақсатында ауданымызда кітапханашылар күніне орай «Әдеби кафе: кітаппен сұхбат» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Ерекше форматта өткен әдеби кештің басты мақсаты – кітап оқуды насихаттау, кітапханашылардың қоғамдағы рөлін айқындау, рухани құндылықтарды дәріптеу және әдебиетке деген қызығушылықты арттыру.

Іс-шара барысында қатысушылар әдеби әлемге саяхат жасап, сүйікті шығармалары



мен авторлары туралы ой бөлісіп, кітаптың адам өміріндегі



маңызына тоқталды. Еркін сұхбат, қызықты тапсырмалар мен шығармашылық кездесулер кештің мазмұнын байытып, қатысушыларға ерекше көңіл күй сыйлады.

Кітапхана – тек кітап сақтайтын орын ғана емес, ол – білім мен мәдениеттің, ізденіс пен шабыттың ордасы. Ал осы рухани ортаның тынысын ашып, оқырманның кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып жүрген кітапханашылардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Мерекелік кеш жылы лебіздер мен ізгі тілектерге ұласып, кітапханашыларға шығармашылық шабыт, толағай табыс және оқырмандарының қатары көбейе беруіне тілектер айтылды.

Кітап – сарқылмас қазына, ал оны оқырманға жақындататын кітапханашы еңбегі – ұрпақ рухани-ятына қосылған өлшеусіз үлес!

«Жеңгелер клубы» – ұлттық құндылықтардың жалғасы

Жабағылы мектебінде ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және қыз балаларға өнегелі тәрбие беру мақсатында «Жеңгелер клубы» жұмысын жүргізуде.

Қазақ халқының дәстүрінде жеңгенің орны ерекше. Жеңге – сырлас дос, ақылшы, тәрбиеші әрі жас ұрпаққа үлгі болатын жан. Ол қыз баланың бойына ибалық пен инабаттылықты сіңіріп, үлкен өмірге қадам басуына бағыт-бағдар береді.

Клуб аясында ұлттық әдет-ғұрыптарды насихаттау, қыз бала тәрбиесі, отбасылық құндылықтар, әдеп пен ізеттілік, болашақ отбасына жауапкершілікпен қарау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Осындай тәрбиелік бастамалар арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық сана, адамгершілік қасиеттер мен халқымыздың асыл мұрасына деген құрмет қалыптасады.

«Қызға қырық үйден тыйым» демекші, қыз тәрбиесі – ел тәрбиесі. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – ұрпақ алдындағы ортақ міндет!

Жабағылы мектебінде ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және қыз балаларға өнегелі тәрбие беру мақсатында «Жеңгелер клубы» жұмысын жүргізуде.

Қазақ халқының дәстүрінде жеңгенің орны ерекше. Жеңге – сырлас дос, ақылшы, тәрбиеші әрі жас ұрпаққа үлгі болатын жан.



Ол қыз баланың бойына ибалық пен инабаттылықты сіңіріп, үлкен өмірге қадам басуына бағыт-бағдар береді.

Клуб аясында ұлттық әдет-ғұрыптарды насихаттау, қыз бала тәрбиесі, отбасылық құндылықтар, әдеп пен ізеттілік, болашақ отбасына жауапкершілікпен қарау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Осындай тәрбиелік бастамалар арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық сана, адамгершілік қасиеттер мен халқымыздың асыл мұрасына деген құрмет қалыптасады.

«Қызға қырық үйден тыйым» демекші, қыз тәрбиесі – ел тәрбиесі. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – ұрпақ алдындағы ортақ міндет!

«Шабыт» – өнер мен шығармашылықтың жарқын мерекесі

Республика күніне орай аудандық балалар шығармашылығының «Шабыт» байқау-фестивалі өтті

Республика күніне орай ауданымызда өскелең ұрпақтың шығармашылық қабілетін шыңдап, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруды мақсат еткен аудандық балалар шығармашылығының «Шабыт» байқау-фестивалі ұйымдастырылды.

Өнер мерекесіне аудан мектептерінің талантты оқушылары қатысып, өздерінің шығармашылық әлеуетін, сахналық шеберлігі мен орындаушылық қабілеттерін ортаға салды. Байқау жас дарындардың өнерін шыңдап қана қоймай, олардың өзара тәжірибе алмасуына, ұлттық мәдениет пен өнерді дәріптеуіне мүмкіндік берді.

Фестиваль бірнеше бағыт бойынша өткізілді. Атап айтқанда, «Ән қанатында», «Би әлемінде» және «Ансамбль» бағыттары бойынша қатысушылар өз өнерлерін көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Әсем ән мен мың бұралған би, үйлесімді ансамбльдік орындаулар байқаудың көркін аша түсті.

Байқау барысында қатысушылардың орындаушылық шеберлігі, сахна мәдениеті, шығармашылық ізденісі мен өнер көрсету деңгейі бағаланды. Әрбір өнерпаздың сахнаға деген құлшынысы мен дайындығы олардың өнерге деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетті.

Фестивальдің қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте бірінші орынды екі жыл қатарынан Шәмші бастауыш мектебі иеленді. Бұл – мектеп ұжымы мен оқушыларының жүйелі еңбегінің, шығармашылық ізденісінің және өнерге деген шынайы сүйіспеншілігінің жемісі.

«Шабыт» байқау-фестивалі – балалардың бойындағы талантты танытып, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашатын маңызды мәдени іс-шара. Осындай өнер додалары жас ұрпақтың рухани дамуына, ұлттық құндылықтарды құрметтеуіне және өз қабілеттеріне деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Өнерлі өрендердің алар асуы биік, шығармашылық жолдары жарқын болсын! Шабыттарыңыз шалқып, өнерлеріңіз өрлей берсін!

Бетті әзірлеген:
Аққулы ауданы білім бөлімінің әдіскері Әсем Оспанова.

Твой Мир
сенің әлемің

№№17-18
(470-471)
от 30 сентября
2026 года

Оқушылар сарайында астрономиялық бақылаулар кеші өтті

Түнгі аспан қандай құпияларды жасырады? Телескоп арқылы ғаламның қандай сырларын ашуға болады? Осы сұрақтарға




жауап іздеген қатысушылар М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының обсерваториясында өткен кешкі астрономиялық бақылауларға қатысты.

Бақылау сағат 20:00-де басталып, шамамен екі сағатқа созылды. Ашық ауа райы аспан денелерін бақылауға қолайлы жағдай жасады. Қатысушылардың басты назарында Ай болды. Сонымен қатар солтүстік аспан жартышарындағы шоқжұлдыздарды тамашалауға мүмкіндік туды.

Кездесуді Оқушылар сарайының ғылым және техника бөлімі ұйымдастырды. Қала тұрғындарының жоғары қызығушылығы астрономия әлеміне жақынырақ үңіліп, аспан денелерін өз көзімен көруге деген ықыластың зор екенін көрсетті.

Жұлдызды аспанның адамды несімен қызықтыратыны және астрономияның қандай мүмкіндіктері бар екені туралы «Антарес» астроклубының жетекшісі Гүлнар Баубекова өз ойымен бөлісті.

Қатысушылар қысқы аспанда көкжиектен біртіндеп көтерілетін аспан нысандарын бақылауға да қызығушылық танытты. Алдағы уақытта ауа райы қолайлы болып, аспан денелері анық көрінген жағдайда Юпитер мен Сатурн планеталарын, жұлдыз шоғырларын және өзге де аспан



нысандарын бақылау жоспарлануда.

Мұндай кездесулер балалар мен ересектерді ортақ қызығушылық төңірегінде біріктіріп, таным көкжиегін кеңейтеді және жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылықты арттырады.

Өйткені үлкен жаңалықтар қарапайым сұрақтан, білуге деген құштарлықтан және әлемді танып-білуге ұмтылыстан басталады.

«Күзгі асар»: табиғаттан туған туындылар

Бүгін «Адал азамат» республикалық бағдарламасының «Еңбек адамы» бағыты аясында М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында «Күзгі асар» облыстық жәрмеңке-көрмесі өтті.

Көрмеге Павлодар облысының барлық аудандары мен қалаларынан іріктелген 120 үздік шығармашылық жұмыс ұсынылып, шараға 500-ден астам бала, ата-ана және педагог қатысты.

Күздің көркем бояуы балалардың қиялымен үйлесіп, табиғи материалдардан жасалған ерекше композициялар мен сәндік бұйымдарға айналды. Бүр, жапырақ, бұтақ пен дәннен жасалған әр туынды – баланың шығармашылық ізденісінің нәтижесі.

* Біздің көрменің ерекшелігі – балалар мен ата-аналардың бірлескен еңбегі. Ортақ шығармашылық арқылы отбасы мүшелері уақытын мазмұнды өткізіп, бала қиялы мен еңбекке деген қызығушылығын бірге қалыптастырды, - дейді Оқушылар сарайының әдіскері Алена Шияненко.

Экспозицияда мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің, жалпы білім беретін, арнайы және мамандандырылған білім беру ұйымдары оқушыларының жұмыстары қойылды.

«Күзгі асар» аясында оқушылар көрмені аралап, сәндік-қолданбалы өнердің түрлі бағыттарымен танысты. Іс-шара соңында балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылып, қызықты ойындар мен интерактивті тапсырмалар мерекелік көңіл күй сыйлады.

«Мобильді әдіскер»: тәрбие жұмысындағы тиімді тәсілдер

Тәрбие құндылықтарын күнделікті жұмысқа қалай енгізуге болады? Мектеп пен ата-ананың байланысын қалай нығайтуға болады? Бұл мәселелер 9 қазанда Баянауыл ауданының Торайғыр ауылында «Мобильді әдіскер» жобасы аясында өткен «Адал азамат» бағдарламасы бойынша семинар-практикумда талқыланды. Іс-шараны М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдістемелік бөлімі «Адал азамат» өңірлік жобалық кеңсесінің тренерлерімен бірлесіп ұйымдастырды. Семинарға мектеп директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері, ата-аналар клубтарының жетекшілері мен ата-аналар қауымдастығының өкілдері қатысты. Пленарлық отырыста жобалық кеңсе тренері, Павлодар технологиялық колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. К. Теміржанова бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асырудың негізгі тәсілдерін таныстырды.

Практикалық бөлімде қатысушылар үш бағыт бойынша жұмыс істеді: «Заң және тәртіп» – құқықтық сауаттылық пен «Таза Қазақстан» бағыты бойынша практикумды Оқушылар сарайының әдіскері А. И. Фрик өткізді. «Адал еңбек – саналы таңдау» – еңбек пен жауапкершілікке тәрбиелеу бойынша тренингті әдіскер А. А. Шияненко жүргізді. «Сенім бар жерде – тәрбие бар» – «Тәрбие ошағы» жобасы арқылы отбасы мен мектеп ынтымақтастығын нығайтуға арналған практикумды әдіскер М. Б. Темірбулатова өткізді. «Мобильді әдіскер» жобасы ауыл педагогтеріне әдістемелік қолдау көрсетіп, тәжірибе алмасуға және тәрбие жұмысының тиімді тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді. Семинар қорытындысында қатысушылар күнделікті жұмыста қолдануға арналған практикалық кейстер мен әдістемелік ұсынымдар алды. Мектеп, отбасы және педагогтердің бірлескен әрекеті – жауапты, еңбекқор әрі саналы ұрпақ тәрбиелеудің маңызды негізі.

Оқушылар сарайында Ұстаздар күні аталып өтті

Облыстық Оқушылар сарайында Ұстаздар күніне орай ұжымымда мерекелік шара өтіп, оқу жылындағы еңбектің қорытындысы шығарылды. Мерекелік жиын барысында білім саласына қосқан үлесі мен еңбегі үшін ұстаздарымыз жоғары марапаттарға ие болды. Білім беру басқармасы атынан Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарды алғандар: Булич А., Темирбулатова М., Аипова А., Аскаусов Т., Паскарь И., Ермекова Г.

Облыстық кәсіподақ ұйымы атынан марапатталғандар: Лапухина Г. А., Раймбеков К., Сюендыкова А., Дмитриева В., Хамза Б.

Бұл — әр педагогтің еңбегіне көрсетілген құрмет пен еңбегінің еленгенінің белгісі.

Бүгін — жетістіктерді қорытындылайтын сәт болса, ертең — жаңа мақсаттар мен үлкен мүмкіндіктерге бастар жол. Алда бізді жаңа белестер, тың идеялар мен жарқын жетістіктер күтіп тұр!

Барша ұстаздарға



шығармашылық шабыт, кәсіби биіктер және жаңа жеңістер тілейміз! Ұстаз еңбегі — ұрпақ болашағына салынған ең үлкен инвестиция.

«Мобильді әдіскер» жобасы – Успен ауданында

Успен ауданындағы Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында «Тәрбие жұмысының жүйесі» тақырыбында көшпелі семинар-практикум өтті. Ұйымдастырушы – М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдістемелік бөлімі.

Семинарға директорлардың



тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, «Аққу» және «Мирас» мектеп клубтарының жетекшілері, ата-аналар қауымдастығының өкілдері қатысты.

Қатысушылар «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан», «Еңбек адамы» бағыттарын іске асыру жолдарын талқылап, құқықтық тәрбие, кәсіби бағдар беру, еңбекқорлыққа баулу және ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту мәселелерін қарастырды.

Семинар қалалық және ауылдық мектептердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге бағытталған «Мобильді әдіскер» өңірлік жобасы аясында ұйымдастырылды.

Кездесу қорытындысы бойынша педагогтер тәжірибеде қолдануға арналған практикалық кейстер, әдістемелік алгоритмдер мен ұсынымдар алды.

ДВОРЕЦ NEWS

Твой Мир
сенің әлемің

№№17-18
(470-471)

от 30 сентября
2026 года

ҚАЛАМГЕР ҚАДАМЫ

Менің ең жақын құрбым

Әр адамның өмірінде ерекше орны бар жақын адамы болады. Мен үшін ондай жан – менің ең жақын құрбым. Біз көп жылдан бері доспыз. Сондықтан бір-бірімізді жақсы түсініп, әрдайым қолдап жүреміз.



Осы уақыт ішінде бірге талай қызықты сәттерді өткіздік. Бірге күлеміз, сырласамыз, қуанышымыз бен қызық оқиғаларымызды бөлісеміз. Кейде бірге ойнап, кейде ұзақ әңгімелесеміз. Осындай сәттер біздің достығымызды одан әрі нығайта түседі.

Біз бір-бірімізге сирек ренжиміз. Өйткені әрқашан бір-бірімізді түсінуге тырысамыз. Әрқайсымыздың өз ойымыз бен пікіріміз бар екенін құрметтейміз. Мен оған кез келген сырымды айта аламын. Себебі ол мені тыңдап, түсінетініне сенемін.

Менің ойымша, нағыз достық дегеніміз – тек бірге ойнап, уақыт өткізу емес. Ол – бір-біріне сену, сыйлау, қиын кезде қолдау көрсету. Мен құрбыммен өткізген әрбір сәтімді бағалаймын. Екеуміздің достығымыз ұзақ жылдарға жалғасып, әрдайым осылай тату болып жүрсек екен деймін.

Қияш Айзере, 8 «А» сынып
А. Бөкейханов мектебі

Ұлттық Домбыра күні

Домбыра - қазақ халқының ең қасиетті, ең киелі аспабы. Ол - қазақтың жаны, тарихы, шежіресі.

Домбыра өте ерте заманнан келе жатқан аспап. Оның қос ішегі бар. Ілгеріде ата-бабаларымыз домбырамен күй шерткен, жыр айтқан, жоқтау айтқан. Қуанышта да, қайғыда да домбыра қазақпен бірге болған.

Домбыраның үні өте ерекше. Оның күйін тыңдағанда, кең дала, жүйрік ат, еркін өмір көз алдыңа келеді. Құрманғазы, Дина, Тәттімбет сияқты ұлы күйшілер домбырамен мәңгілік күйлер қалдырды.

Бүгінгі күні де домбыра өз қадірін жоғалтқан жоқ. Әр қазақтың үйінде домбыра ілулі тұруы керек. Шілде айында Ұлттық Домбыра күнін тойлаймыз.

Нұрлыбай Арайлым,
7 ЖОМ, 6 ә

Жыл мезгілдері

Жылдың төрт мезгілі бар: көктем, жаз, күз, қыс. Жаз мезгілінде күн ыстық болады, кейде жаңбыр жауады. Ағаштар жап-жасыл болып тұрады. Аралар ұшып жүреді, әртүрлі жәндіктер пайда болады. Жазды бәрі жақсы көреді. Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Гүлдер қурап қалады. Ауа райы салқындайды, бүршіктер пайда болады. Көктемде салқын жаңбырлар жауады. Қар еріп, жерде батпақ болады. Жаңбырдан кейін бәрі жасылданып, гүлдер өсе бастайды. Қыста қар жауады, жаңбыр жаумайды. Жаңа жыл тойланады. Балалар далада аққала жасайды. Біз қысты жақсы көреміз. Маған қыс, жаз және көктем ұнайды.

Б. Момышұлы атындағы жалпы орта
білім беру мектебінің 3 «Д» сынып оқушысы Бейбіт Көркем

Менің мектебім

Мен Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінде оқимын. Мен 3 «Д» сыныбында оқимын. Менің сыныбымда 15 парта 30 орындық бар. Менің достарым көп. Мектебімде спорт зал, асхана және акт залы бар. Сыныпта шкафтар, есік және терезелер бар. Біздің мектепте ақылды, адал, білімді ұстаздар бар. Мектеп ауласында ойын алаңы бар. Мектепте ұстаздар және директор бар. Мен мектепте көп білім аламын. Менің мұғалімім өте жақсы. Мен мектебімді жақсы көремін, себебі ол өте керемет!

Б. Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің
3 «Д» сынып оқушысы Жақсылыкова Алина

Менің үй жануарым

Менде мысық бар. Оның аты - Мила. Мен онымен ойнағанды жақсы көремін. Оның жүні өте жұмсақ. Ойнаған кезде ол бізге қарап, жадырап қарайды, сонда мен оны тіпті жақсы көремін. Оның түсі кішкене қоңыр, кішкене қара. Мила өте сүйкімді.

Мысықтар өмірінің сексен пайызын ұйқымен өткізеді екен. Олар өте тез жүгіреді. Мысықтар - менің ең сүйікті жануарларым!

Мила кейде түнде ұйықтамайды. Біз екеуміз әрдайым бірге ойнаймыз. Мен оған күнде тамақ пен су беремін. Ол өте әдемі. Оның породасы - «Британская». Мысықтар жиырма, жиырма бес жасқа дейін өмір сүреді.

Б. Момышұлы атындағы
жалпы орта білім беру
мектебінің 3 «Д» сынып
оқушысы Шаймурат Айя

Қазіргі балалар мен бұрынғы балалар бос уақытын қалай өткізген?

Қазіргі уақытта балалар бос уақытын көбінесе телефон, компьютер, планшет және теледидар қараумен өткізеді. Олар интернеттен түрлі қызықты видеолар көреді, ойын ойнайды. Кейбір балалар тіпті далаға шықса да, телефонға қарап жүреді. Кейде телефоннан бас көтермей, айналасындағы достарымен сөйлесуді де ұмытып кетеді.

Ал бұрынғы балалар бос уақытын қалай өткізген? Олар таңертеңнен кешке дейін далада достарымен ойнайтын. Ұлдар доп теуіп, баскетбол ойнап, өзенге шомылатын. Ал қыздар қуыршақ ойнап, сурет салып, кітап оқитын. Балалар бірге уақыт өткізіп, түрлі қызықты ойындар ойлап табатын.

Менің ойымша, бұрынғы балалардың ойындары қызықтырақ болған. Себебі олар көп қимылдап, достарымен бірге ойнап, таза ауада жүретін. Әрине, телефонның да пайдасы бар. Бірақ бос уақытты тек телефонмен өткізу дұрыс емес. Меніңше, достармен ойнап, далада серуендеген әлдеқайда қызықты!

Оразбай Әмина Медеуқызы
№7 мектеп, 6-сынып

Балық аулау

Мен бірінші рет балыққа 2023 жылы әкеммен бардым. Мен аулаған жер ол ертіс өзенінің жағалауы болды. Балыққа біз 1 күн қалғанда барлық керек заттарды алғанбыз. Сол күні өте ыстық болды, маған аса ұнаған жоқ. Келесі рет мен 2025 жылы бір ақ бардым. Сол кезде әкем менің алғашқы спинингімды алып берді. Спинингпен шыққанда, ауа райы жақсы болды.

Мен әрине қармақты бір ұстап бірден үйренбедім. Әкем маған ақырын балық аулауды үйретті сол күні мен әкеден қарағанда, балықты бірінші ауладым. Әкеммен балық түспей жатқанда, бір бірімізбен: "қазыр шортан аулаймын" деп айттық. Менің бірінші балығым алабұға болды. Балыққа көп барғанды бастағанда, жақсы болып жүргенмін.

Мен балық аулау - жақсы іс екенін түсіндім. Балық аулауды барлығына кеңес беремін.

Домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы

Домбыра – қазақ халқының ең сүйікті ұлттық аспаптарының бірі. Ертеден ата-бабаларымыз домбырамен ән айтып, күй тартқан. Домбыраның екі ішегінен әдемі әуен шығады.

Қазақтың Құрманғазы, Тәттімбет сияқты атақты күйшілері домбырамен керемет күйлер шығарған. Домбыраның үнін тыңдағанда, қазақтың кең даласы көз алдыма елестейді.

Мен домбыраны қазақ халқының асыл мұрасы деп ойлаймын. Сондықтан ұлттық аспабымызды құрметтеп, оны үйреніп, келешек ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Домбыра – халқымыздың мақтанышы!

Ернарқызы Амина
А. Шәмкенов атындағы мектеп, 5 «Ә» сынып

Мектебім

Менің мектебім Павлодар қаласында орналасқан. Ол Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп.

Менің мектебімде асхана, спортзал, кітапхана және көп сыныптар бар.

Біздің мұғалім өте мейірімді. Ол бізге жақсы білім береді. Оқушылар мектеп ережесін сақтайды.

Біздің мектебімізде Қазақстанның Туы бар. Бәріміз мектебімізді қорғаймыз және ережесін сақтаймыз.

Менің мектебімнің саны жүз жиырма жетінші мектеп. Мектеп - білім беретін ғимарат.

Менің мектебім үйіме жақын. Мектепте менің көп достарым бар. Сабақта біз ережелерді сақтаймыз және мектептен тыс жерде де ережелерді сақтаймыз.

Сондықтан маған менің мектебім ұнайды.

Б. Момышұлы атындағы
жалпы орта білім беру
мектебінің 3 «Д» сынып
оқушысы Килалова Айлин

Менің отбасым

Менің отбасым ақылды және мейірімді. Мен өз отбасымды қатты жақсы көремін. Менің отбасымда алты адам бар. Анамның есімі - Салтанат, ал әкемнің аты - Дидар. Менде екі әпкем бар. Бірінші әпкем - Назым, екінші әпкемнің есімі - Нұрай, ал сіңілімнің аты - Айсара. Анам үйде дәмді тамақ істейді, бізге қамқор болады. Әкем күнде жұмыс істеп, ақша табады. Ол өте еңбеккөр. Әпкелерім сабаққа көмектеседі.

Біз әпкелеріммен және сіңіліммен бірге үй жинап, анама көмектесеміз. Кешкісін бәріміз бірге шай ішеміз, әңгімелесеміз. Демалыс күндері бірге қыдырамыз. Себебі менің отбасым мықты, тату, әдепті және ақылды. Менің отбасым - ең жақсы отбасы! Мен отбасымды мақтан тұтамын.

Б. Момышұлы атындағы жалпы орта білім
беру мектебінің 3 «Д» сынып оқушысы Құрман Айару

Отбасым тірегім

Менің отбасым өте жақсы және тату. Мен өз отбасымды қатты жақсы көремін. Менің отбасымда төрт адам бар. Олар: әкем, анам, қарындасым және мен. Біз бәріміз бір-бірімізді сыйлаймыз және еңбек етеміз. Біздің үйде әркімнің өз міндеті бар. Мен күнде қоқыс шығарамын, бөлмемді жинаймын және сабағымды оқимын. Ал қарындасым төсегін жинайды, өз үй тапсырмасын орындайды және ыдыс жууға көмектеседі. Ата-анам күнде жұмысқа барады, жұмыс істеп, ақша табады. Кешкісін біз бәріміз дастархан басында жиналып, әңгімелесеміз. Демалыс күндері бірге қыдырамыз.

Сондықтан біздің отбасымыз еңбеккөр және тату. Мен осындай отбасым болғанына өте қуаныштымын!

Б. Момышұлы атындағы
жалпы орта білім беру
мектебінің 3 «Д» сынып
оқушысы Тулеген Батыр

Твой Мир
сенің әлемің

№№17-18
(470-471)
от 30 сентября
2026 года

ҚАЛАМГЕР ҚАДАМЫ

Әуенмен өрілген отбасылық құндылықтар

М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайында «Адал азамат» бірыңғай республикалық тәрбие бағдарламасы аясында аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сахнада ата-аналар мен балалар, аға буын өкілдері



«Музыкалық жанұя» облыстық отбасылық ансамбльдер байқауы өтті. Шығармашылық додаға Павлодар облысының қалалары мен аудандарынан 40-тан астам отбасы, жалпы саны 86 қатысушы жиналды.

Байқаудың басты мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және балалар мен ата-аналар бірлесіп өнер көрсетіп, отбасылық дәстүрлерін әуен арқылы жеткізді. Қатысушылар вокалдық, аспаптық, вокалды-аспаптық ансамбльдер, халық шығармашылығы және би өнері бағыттарында өнерлерін ортаға салды. Байқауға ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар да қатысты.

Байқаудың Гран-при жүлдесін Павлодар облыстық Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназиясының Садықовтар отбасының «Асыл мұра» дуэті иеленді.

